



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ОҒТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Омар Базаркул Қалтайқызының 70 жылдығына арналған
«БІЛІМ САЛТАНАТЫН ҚҰРУДАҒЫ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ
КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІ»
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
республиканской научно-практической конференции
«ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ШКОЛЬНЫХ
УЧИТЕЛЕЙ В ФОРМИРОВАНИИ КУЛЬТУРЫ ОБРАЗОВАНИЯ»
посвящённой 70-летию кандидата филологических наук, доцента
Омар Базаркуль.

MATERIALS
of republican scientific-practical conference
«PROFESSIONAL ACTIVITY OF SCHOOL TEACHERS IN
FORMING THE CULT OF EDUCATION»
devoted to the 70th anniversary of Candidate of Philology, associate professor
Omar Bazarkul.

Шымкент-2018

Байтанаева-Молдалиева Д.Ә., Молданова Ж.І. КАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ ЕКІНШІ ТІЛДІ ОҚЫТУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ.....	353
Байгашева Г.Р. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДОВАНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.....	357
Әбжанбар О., Пазылова А.С. СИНТАКСИСТІК ҚУРЫЛЫСТАҒЫ СИНКРЕТИЗМ ЗАНДЫЛЫҚТАРЫ.....	359
Исахова Л.Т. ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРҒАНДА КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚТАР.....	363
Калыков А.Ш., Асаева К.Т. РАЗВИТИЕ ВОООБРАЖЕНИЯ У СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ ИХ ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ	366
Қонысбай М., Назылова А.С. МӘТІНДІ АЙҚЫНДАЙТЫН БАСТЫ БЕЛГІЛЕР.....	370
Қосанбаев Қ. «АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІНДЕГІ РУХАНИ ҚУНДЫЛЫҚТАР МЕН ҰЛТТЫҚ БОЛЫМЫСТЫ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	374
Молданова Ж.І., Анас Г.Ж. КАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ.....	378
Абдыханов У.К., Карпушина Г.В. ВОПРОСЫ ИДЕЙНОЙ И НРАВСТВЕННОЙ СВЯЗИ МЕЖДУ УЧИТЕЛЕМ И НОВЫМ ПОКОЛЕНИЕМ	382
Абралиева Б.К. КӨНЕ ДӘУІР МҰРАЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	386
Байғұтова Д.Н., Ирисулова Э.А. ЕТІСТІКТІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ.....	389
Джайылханова Э., Алимбаева Қ. АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫН ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	393
Ергөбекова Ж.С. КАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА ОРТАҚ ТҮРІК ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ «КІТАБИ АҚЫНДАР ТІЛІНІҢ» АЛАТЫН ОРНЫ.....	397
Әбілқасымова Б.К. «АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ - РУХАНИ ТӘРБИЕ КӨЗІ».....	399
Қажияқбарова Р.Б., Исақова А.Н. КАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	403
Қоңбосынов М.А., Раймбекова Х.А. Ә.БӨКЕЙХАНҰЛЫ СЫНИ МАҚАЛАЛАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК СИПАТЫ	407
Қошанова Н.Д. КАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИНТАКСИСТІК ҚАТЫНАСТАР.....	412
Құрбанов А.Г., Өрісбай Г. ЭНОСТЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ АНТРОПОНИМДЕР.....	417

Мамыт А.А. АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МИФТІК-АҒЫЗДЫҚ АРҚАУ.....	421
Сұлтанмұрат А.Қ., Төлендиева Қ., Бүркіт Ә.Қ. «АҒЫЛШЫН ТІЛІ» ПӘНІН ОҚЫТУДА КӨРНЕКІЛІК ПРИНЦИП НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ.....	424
Тәңірбергенов М.Ж., Мамыт И., Жарасбек А. КӨРКЕМ ӨНЕР - МӘДЕНИ ҚУНДЫЛЫҚТАР.....	427
Төлегенов Т.Қ. КАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІМЕН ТАНЫСТЫРУ.....	429
Тургинбаева Л.В., Абдукаримова А.А., Чаликова А.В. DIGITAL STORYTELLING TECHNIQUE IN TEACHING ENGLISH.....	433
Несипбек Г.Н., Қалаубаева Ж.С. ЛИТЕРАТУРНАЯ И НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ М.Б.ЖУМАБАЕВА..	436
Нұрбекова Ә.Б. СӨЗ СЕМАНТИКАСЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК АСПЕКТІСІ.....	439
Омаров Т.Қ., Ережел Б. ЖАЗУШЫ ЖӘЛЕЛ КЕТТЕБЕКТИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАСЫ.....	443
Омаров Т.Қ., Ілияс Ж. ТАЛАПТАН АХМЕТЖАН ПРОЗАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ.....	447
Омаров Т.Қ., Жапқонова А.К. ЖАЗУШЫ РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	452
Сапарбаева Қ.Ж., Ораз А.Н. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ӨңІРІ АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫ.....	455
Сапарбаева Қ.Ж., Бекжанова М.А. Д.ИСАБЕКОВ ӨңГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЮМОР МЕН САТИРА.....	460
Сапарбаева Қ.Ж., Жорабек А.Е. ТӨЛЕН ӘБДІКОВТИҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....	462
Сапарбаева Қ.Ж. ӘБІЛДА ТӘЖІБАЕВ ЕСТЕЛІКТЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.....	465
Жаппарқұлова А., Сарманова Л. ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ ЭМОЦИЯ.	471
Сарыбаева А.Ж. БІРІККЕН СӨЗДЕР ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ...	476
Сауранбаева С.Р., Ташимова А.Б. ЗАТ ЕСІМНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕНУ ЖҮЙЕСІ.....	480
Сералы Н.О. ЕСКІ ГҮЗИЯ.....	484
Қадеева М.И., Стычева О.А. КОММУНИКАТИВНО-ПРАГМАТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ЛИНГВИСТИКИ.....	490

ЕСКІ ГУЗИЯ

Сералы Н.О.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық мұражайы. Археология және ескірткіштерді қорғау ғылыми-зерттеу бөлімінің кіші ғылыми қызметкері.

Резюме

В статье приведены сведения о средневековых огузских племенах входивших в состав южного крыла в период процветания, а также опубликованы исследования о территории правового крыла или старой Гузии.

Summary

The article summarizes about the tribes which were part of the southern khanate of the Oghuz tribe in the period of prosperity, and as well as published the observations about the territories of the southern khanate or ancient Guzija.

X ғасырда оғыз тайпалары кемеліне жетіп бүкіл Дешті Қыпшақ жерін өз қарамағына қаратқан оғыз мемлекеті туралы ортағасырлық деректерде «ескі және жаңа» Гузия деген терминдер пайда болды. Бұл терминдердің пайда болуы Батыс Жетісу жерінен бастап Сырдарияның бойына дейін және Торғай даласына кеңінен қанат жайған оғыз және оларға бағынышты тайпалардың көшіп-қонуына байланысты пайда болған. Ортағасырлық деректерінде оғыз тайпаларының орналасу жеріне қарай ескі Гузия жерінің нақты аймағын білуге мүмкіндік бар. Ал-Идрисидің еңбегінде (Китаб Руджар) ескі және жаңа Гузия туралы деректер келтірілген. Жалпы Идриси Орта Азия жерінің географиялық жағдайын сипаттап картасын сызған, ортағасырлық географтарының сызбаларында ескі Гузия жері Хорезм (Арал теңізі) көлінің оңтүстік-шығысында, Руза (қазіргі Шу өзені) өзенінің оңтүстігінде көрсетілсе, 1192 жылғы атлас картасында Шаш аймағының солтүстік-шығысындағы таулы аймақтар көрсетілген. Бір деректерде ескі Гузия Шаш (ортағасырлық кей деректерде Сырдария өзенін Шаш өзені деп келтірілген) өзенінің оңтүстігінен бастап Чағрағыз (Сұлтан-Үз-Тау тауы) таулы қыраттарына дейінгі жерлер көрсетілсе, «Нузхат ал-муштак» (Идриси) кітабында ескі Гузия Хайям қаласының оңтүстік-батысында орналасқан. Осы деректерге сүйене отырып ескі Гузия жері Тянь-Шань тауының батыс бөктерінен бастап Шу алабы, Сырдария өзенінің орта ағысы мен Қаратау бөктерінің жерлері кірген деуге негіз бар. [1, 133 б.] Оғыз тайпалары IX ғасырда Батыс Жетісу жерінен бастап Сырдарияның орта ағысына дейінгі жерлерін өз қарамағына қаратып оғыз қағанатының негізін қалаған аймақ ескі Гузия деп аталған. Қағанат күшейе келе Сырдарияның төменгі ағысындағы жерлерді Арал, Каспий теңізі мен Еділ өзенінің бойына дейінгі жерлерді жаулап алғасын ол жерлер Жаңа Гузия деп аталған. Жаулап алынған үлкен аймақты басқаруға тиімді болу үшін қағанат жеріндегі тайпаларды орналасу жеріне қарай ұлыстарға бөліп, қағанатты оң (үшөк) және сол қанат (бозок) деп екіге бөлген. Ескі Гузия жері мен ондағы тайпалар оң қанат құрамына жаңа Гузия жеріне Сырдарияның төменгі ағысынан бастап Еділ өзеніне дейінгі жерлер және сонда мекендеген тайпалар сол қанат құрамына кірген. Ортағасырлық тарихшы Махмұд Қашқаридың жазбаларында оғыздардың тайпа бірлестігіне 22 тайпа кірген [2, 93] Рашид ад-дин [3, 90] мен Абылғазыханның жазбаларында 24 тайпа [4, 29] бірлестігінен құралғандығы көрсетілген.

М.Қашқари	Рашид ад-дин	Абылғазыхан
Қынық	Қынық	Қынық

Кайығ	Кайы	Кайы
Баюндур	Баюндур	Байындыр
Ива (йива)	Йиве	Ава
Салгур	Салур	Салор
Афшар	Авшар	Авшар
Бектили	Бекдили	Бекдели
Бюкдюз	Бюкдюз	Букдуз
Баят	Баят	Байат
Язгыр	Языр	Йазыр
Эймюр	Эймюр	Имир
Кара-бюлюк	Кара-Эвли	Кара-ойлы
Алка-бюлюк	Алкыр-Эвли	Алка-ойлы
Игдер	Йигдер	Йасыр
Урекир	Урекир	Урегир
Тутырга	Дудурга	Дудурга
Ула-йонтлы	Ула-йонтлы	Ала-йонтлы
Тюкер	Дюкер	Дукер
Печенек	Биджне	Бечене
Джувалдар	Джавулдур	Чавулдур
Джебни	Чепни	Чепни
Джаруклуг	Яйырлы	Игдир
(Халадж 1)	Карык	Қызық
(Халадж 2)	Каркын	Каркын

Аты аталған тайпалардың атауы ортағасырлық тарихшылардың жазбаларында біршама өзгерістермен берілген, Қашғаридың жазбаларында оғыз тайпалары жалпылама аталса, Рашид ад-диннің жазбасында қай тайпа Оғыз ханның қай балдарынан тарайтындығы және оң қанат және сол қанатқа кірген оғыз тайпалары жіктелініп берілген. Оғыз ханның үлкен үш ұлынан тараған ұрпақтары оң қанатқа, кіші үш ұлының ұрпақтары сол қанат құрамына енген. Оң қанатқа кірген Күнханның ұрпақтары; Кайы, Баят, Алқаройлы (Алка-бюлюк), Кара-ойлы (Кара-бюлюк), Айханның ұрпақтары; Яраз, Дюкер, Дудурга, Баярлы, Жұлдыз ханның ұрпақтары; Авеш (Аушар, Авшар), Қырық (Қызық), Бекдели, Каркын. Осы тайпалар ескі Гузия жерін мекендеп әрқайсысының өз ұлыстары болған, бірақ оғыз тайпалары негізінен көшпелі өмір сүргендіктен, оң қанат және сол қанат тайпалары бір-бірімен қатарласа көшіп қонып жүрген. Оң қанат құрамындағы тайпалардың ішіндегі ең үлкені халқының құрамы жағынан көбі оң қанаттай Кайы және Баят тайпалары болған және осы тайпалардан шыққан ақсүйектер оң қанат яғни ескі Гузия жерін басқаруға сайланған. Ескі Гузия жерін мекендеген тайпалар туралы тарихи деректерде аз қамтылған соңғы зерттеулерде осы тайпалардың шығу тарихына біршама түсініктемелер берілген. С.М.Ахунжанов өзінің қыпшақтар туралы үлкен еңбегінде оң қанат құрамындағы белді Кай (Кайы) тайпасы туралы олардың шығу тарихына нақты жауап берген. Көптеген зерттеушілердің еңбектерін және тарихи деректерді саралай отырып қай тайпасының қимақ тайпа бірлестігіне жататындығын, қимақ сөзінің этнониміне тоқтала отырып, Кай сөзінің қимақ сөзінің баламасы екенін нақтылап баяндаған. [5, 110, б.]. Кай тайпасының қимақтардың құрамындағы белді тайпа деуге негіз болатын бірнеше себептер бар, Бируни жазбаларында қай тәуелсіз тайпа ретінде аталып қырғыз тайпаларымен көршілес шығысында мекендегендігі көрсетілген. 766 жылы қарлұқ тайпалары Тарбағатай мен Батыс Алтай тауларын тастап Жетісу жеріне

ішкерілей енгенде солтүстік-шығыс Жетісу жеріне кимақ тайпаларының бір бөлігі қай тайпалары орналасып тоғыз-оғыз, қырғыз тайпаларымен көршілес болған [6, 55 б.]. Махмуд Қашғари Рум (Византия) елінен шығысқа қарай орналасқан түркі тайпалары қыпшақ, оғыз, имақ (кимақ) және т.б тайпаларымен қатар қай тайпасы да көрсетілген. Тайпаларды отырықшы және көшпелі деп екіге бөліп көшпелі тайпалардың қатарына басқа тайпалармен бірге қай тайпасы да аталған. М.Қашғаридың осы еңбегінде қайы оғыз-түркімен тайпа бірлестігінің бір тайпасы ретінде берілген [7. 69, 70, 93 б.]. Осы деректерге сүйене отырып қай тайпаларының бастапқыда кимақ тайпа бірлестігінің құрамында болып кейіннен түрлі жағдайларға байланысты оғыз қағанатын құрамына қосылды деуге негіз бар. Бастапқыда қай тайпалары кимақ мемлекетінің құрамында болып, мемлекеттің негізгі белді тайпалардың бірі болған. С.М.Ахинжанов зерттеуінде қай тайпасы мен кимақ тайпасының қатар аталуы сондықтан, қай тайпасы кимақ мемлекетінің құрамында болып солтүстік-шығыс Жетісу жерінде мекендеген. С.М.Ахинжанов кимақ тайпасының тотемі жылан екенін негізге ала отырып Жетісу өлкесіндегі жер-су аттарының топонимикасына шолу жасай келе тайпалардың орналасу аралына түсінік берген. [8, 125 б.]

Қай тайпасы қалайша оғыз қағанатының құрамындағы тайпа ретінде аталуының себебіне тоқталсақ, ол орта ғасырлардағы тарихи жағдайларға байланысты. VIII ғасырда кимақ мемлекетінің оңтүстік шекарасы қарлұқ мемлекетімен шектескен, VIII ғасырдың екінші жартысында қарлұқ тайпалары Жетісу жерінен қарай ішкерілей еніп солтүстік-шығыс Жетісу мен Алакөл ойпатындағы жерлерді өз қарамағанын шығарып алған, осы кезде кимақ тайпаларының бір бөлігі нақтырақ айтсақ қай тайпалары осы өңірлерге келіп қоныстанған. Осы жерлерде тұрақтап қалу үшін көршілес тоғыз-оғыз (ұйғырлар), қарлұқ тайпаларымен үздіксіз ұрыстар жүргізген. IX ғасырдың бас жағында қарлұқ мемлекеті кемеліне келген шақта солтүстік-шығыс Жетісу өлкесінен кимақ тайпаларын ығыстырып шығарып Іле алқабындағы жерлерді өз қарамағына қаратып мемлекеттің аумағын Балқаш көлі мен Жонғар Алатауынан Сырдария өзенінің бойы мен Ферғана даласына дейін кеңейткен. VIII ғасырдың аяғына таман қарлұқ тайпалары Іле аймағы үшін кимақтармен соғысып ол жерлерді мемлекет қарамағына қосып алып Қайлақ (Қаялық) қаласын өздерінің астанасы етіп алған. Осы кездерде қай тайпалары қарлұқтардан қысым көріп Батыс Жетісу жеріне қарай ойысқан және Шу алабында қоныстанған оғыз тайпаларына келіп қосылған және оғыз қағанатының құрамында Сыр бойындағы жерлерді жаулап алу соғыстарына қатысқан. Ортағасырлық тарихшылардың деректерде тайпа атауы біршама өзгерістермен берілгендіктен, кейінгі зерттеушілер арасында көптеген пікірлер қалыптасқан. Маркварт Бируни және басқа деректерге сүйене отырып Қай тайпасы түркіленген монғол тайпасы деген пікірмен Осман империясының негізін қалаған Қайит тайпасының аксүйектері монғол тектес деген теория қалдырғай. В.В.Бартольд Қашқаридың еңбегі оғыз дәуірінде, Рашид ад-дин еңбегі монғол дәуірінде жазылғандығын ескере отырып «қайи» емес «қайиг» тайпаның ерте кездегі аты деп тұжырымдаған. Сондай-ақ Қашқари деректерінде Қай тайпасы татар, имек (кимақ), қыпшақ, оғыз тайпаларымен қатар аталғандықтан, олар монғол тектес болуы мүмкін екендігін алға тартып, қайи тайпасы османдықтар шыққан қайиг тайпасымен еш қатысы жоқтығын келтірген. Қашқари мен Рашид ад-диннің еңбектері әр дәуірде жазылғандықтан тайпа атауларының шамалы өзгеріске ұшырауы қалыпты жағдай. Қай-қайиг тайпасы монғол тектес болса онда Рашид ад-дин мен Абылғазының

еңбектері монғол дәуірі кезінде жазылғандықтан оғыз қағанатына кірген тайпалардың монғолдарға қатысы бар-жоқтығын ескерер еді, сондықтан қай тайпасының монғол тектес дегенге еш негіз жоқ. Қашқаридың жазбасында тек қайи ғана емес қыпшақ, имақ (кимақ), татар тайпалары да бөлек аталған, бұл аталған тайпалар кимақ мемлекетінің негізгі қозғаушы күші болған. X ғасырда мемлекет әлсірегенде әр тайпа өз алдына бөлек тәуелсіз болуға ұмтылғандықтан бөлек айтылуы мүмкін. Қай тайпасы оғыз қағанатының оң қанат ұлысының негізгі тайпасы болғандықтан қағанаттың құрамына кірмейтін жеке тайпа ретінде айтылуы ықтимал. Билік үшін тартыстың әсерінен ыдыраған оғыз қағанатының құрамындағы Сырдарияның орта ағысындағы тайпалар Түркіменстан жеріне қарай ойысқан. Сол көшке қай тайпасы да ілескен, Г.И.Карповтың зерттеуінде қай атауы гоклан атауымен берілген. Осман империясының негізін қалаған қайиг пен қайи тайпаларының арасындағы байланыстың бар-жоғын зерттеп зерделеу керек. Оң қанат құрамындағы белді тайпалардың бірі баят (баиат) тайпасы, бұл тайпаның көсемдері қайы көсемдерімен бірге оң қанатты басқаруға сайланып отырған. О.Гундогдыев ерте кездерде сармат-меоты тайпа бірлестігін «байта» деп те аталатындығын алға тартып, баят тайпасының масагет тайпасынан шаққандығын алға тартады. С.П.Толстов Рашид-ад-диннің еңбегіне сүйеніп, баят сөзі монғол тілінде «бай» деген мағананы білдіретіндігін алға тарта отырып, баят тайпасын монғол тектестігіне күмән келтірмеген. [9, 81 б.] Рашид-ад-дин еңбегінде баят тайпасы баяут атымен берілген және олар негізгі екі тайпа бірлестігінен тұрған джадай-баяут және кэхэрин-баяут. Бірінші тайпа Селенг өзенінің солтүстігінен келіп қосылатын Джадай (Джида) өзенінің алқабында қоныстанғандықтан джадай-баяут, екінші тайпа жазық далалы өңірде қоныстанғандықтан кэхэрин-баяут деп аталған. Бұл тайпалар Шыңғысхан тайжугтармен соғысы барысында оның негізгі одақтасы болған. [10, 176 б.] Бірақ монғолдардың баяут тайпасы мен оғыздардың баят тайпасының арасында ешқандай байланыс жоқ, тек атауларында ұқсастық болмаса. Ортағасырлық деректерде оғыз қағанаты құлағаннан кейін баят тайпасының монғолияға қарай ойысқандығы туралы ешқандай дерек жоқ, есесіне олардың кіші Азия, Иран жерінде селжук мемлекетінің құрамындағы белді тайпаға айналып мемлекеттің негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналған. Иран, Хива деректерінде баят тайпасының тарихнамасы толығымен баяндалған. Селжук мемлекеті Иран, Кіші Азия жерін жаулап алу барысында баят тайпасының негізгі бөлігі осы жерлерге келіп қоныстанған, бір бөлігі Түркіменстан жерінде қалып қойып гоклан тайпасының құрамдас бөлігіне айналған. XIII ғ баят тайпасы Азербайжанда пайда болып, кейіннен тайпаның бір бөлігі қайтадан Маңғышлақ жеріне қарай қайтадан көшіп барған. Баят тайпасының бір бөлігі Киев княздігінде тұрақтап қалып «боуты» деген атпен белгілі болған. Баят тайпасының ұлысы ескі Гузия жерінің Қаратаудың солтүстік бөктері мен Шу алабына дейінгі жерлерді қоныстанған болуы мүмкін, қайы тайпасымен бірлесіп, оң қанат құрамындағы тайпалар ішінде «Алқарайлы және Қарайлы» тайпалары аталады. Бұл тайпалар кішігірім болғандықтан олардың тарихы туралы деректер өте аз тіпті жоқ десе де болады. Шамасы екі тайпа бірлесе көшіп қатар қоныстанған болуы мүмкін, алқарайлы тайпасы туралы М.Қашқари мен Рашид-ад-диннің жазбаларында тек оғыз тайпа бірлестігіне жататындығы көрсетілген. Қарайлы тайпасы туралы деректер тек Түркімен тайпалары құрамдас бөлігі ретінде «сахар» атауымен аталады. XVII ғ Абылғазының деректерінде қарайлылар сатар (сахар) атауымен берілген, және эрсарин тайпасымен көршілес қоныстанып оларға тәуелді болғандығы көрсетілген. XVII-XIX ғғ. Амударияның орта ағысындағы жерлерге Маңғышлақ түбегінен, Каспий

теңізінің солтүстік-шығыс жағалауларын мекендеген тайпалар қоныс аударған, олардың ішінде сахар (қараойлы) тайпалары да аталады [11, 14 б.]. Осы дерекке сүйенсек бастапқыда алқараойлы және қараойлы тайпалары оғыз қағанаты ыдырағанда Түркіменстан жеріне одан ары қарай Маңғышлақ түбегіне қарай ойысқан, және сонда орнығып қалған. XI ғасырда оғыз тайпаларының негізгі бөлігі селжук империясының құрамында Иран, кіші Азия жеріндегі жаугершілік соғыстарымен осы жерлерге ойысқанда, алқараойлы, қараойлы тайпалары бұл жорықтарға қатыспаған. Маңғышлақ түбегін мекендеген түркімен тайпаларын XVIII ғ. казак тайпалары ығыстырып шығарған, сол кезеңдерде басқа тайпалармен бірге екі аталған тайпалар Амударияның орта ағысындағы жерлерге келіп тұрақтаған. Осы жерлерде егіншілікпен айналысып түбегейлі отырықшы халыққа айналған. Оң қанат құрамына кірген тайпалардың ішіндегі құрамы жағынан ең үлкені «қынық» (қырық-қызық) тайпасы. Олар Қаратау бөктерінен бастап Сырдарияның орта ағысы мен төменгі ағысына дейінгі жерлерді мекендеген. X ғ. оғыз тайпаларының арасында өзара қырқыс басталады, тайпа арасындағы қырқыстан қынық тайпасы алға шағып Селжук мемлекетінің негізін қалайды. Джент қаласын өздерінің орталық резиденциясы ретінде пайдаланып, исламды негізгі дін ретінде ұстанып, Янгикент (Жанкент) жағбуына қарсы соғыс бастаған. Бірақ сәтсіздікке ұшыраған сельджук тайпалары Мауринахр, Хорезм, солтүстік Хорасан жеріне қарай ойысқан [12, 303 б.]. XI ғ. түркі тайпалары Кіші Азия жеріне қарай ішкерілей еніп Ирак, Сирия, Азербайжан, Арменияның бір бөлігін өздеріне қаратып Селжук мемлекетін құрды. Қынық тайпасы Селжук мемлекетінің негізгі қозғаушы күші, және мемлекет билігі осы тайпаның қолында болды. Қынық тайпасы Кіші Азия жеріндегі ең үлкен түркі тайпасы болған, көптеген зерттеушілер Анадолы жеріндегі топономикалық аттарға назар сала отырып қынық тайпаларының орналасу ареалына түсік бере отырып қынықтардың ең үлкен тайпа екендігін нақтылай түскен. Г.И.Карповтың зерттеулерінде түркімен тайпаларының ішінде қынықтардың аталмауына қарап, қынық тайпалары кіші Азия жеріне қарай жаппай ойысқан деген пікір айқын екеніне көз жетеді [13, 74-87 б.]. Афшар тайпасы оғыз тайпа бірлестігіндегі негізгі тайпалардың бірі ретінде оң қанат құрамына кіріп, оғыздардың жаугершілік соғыстары кезінде таяу Шығыс жорығына қатысқан. XII ғ. афшар тайпасы Селжук мемлекетінің наместнигі ретінде Хузистан жерін басқарған. XIV-XV ғғ. олар Иран жеріне тыңғылықты тұрақтаған болатын. Сефевиттер әулеті билік құрған кезде афшар тайпасы қызылбасы тайпа бірлестігінде негізгі әскери басқарушы күштің біріне айналды, афшар тайпасынан көптеген қолбасшылар әмірлер билер шықты. 1736 жылы афшар тайпасынан шыққан Надир-шах сефевидтер әулетін биліктен кетіріп өзі Иран шахы атанады, Афшар әулеті Иран жерін ұзақ уақыт билеп тұрған. Каркын (қаргын) оғыз қағанатындағы үлкен тайпаның бірі, селжуктардың жаулап алу жорықтары кезінде маңызды тайпалардың бірі болған. Каркын тайпасының негізгі бөлігі селжук қозғалысы кезінде кіші Азия мен Иран жеріне қоныстанған. XVIII-XIX ғғ. қаркындар түркімен тайпа бірлестігінің құрамында оңтүстік және оңтүстік-шығыс Түркіменстан жерінде этникалық процестер барысында басқа да тайпалармен араласып эрсарин, ала-элин тайпа бірлестігінің құрамдас тайпасына айналады. Кіші Азия мен Иран жеріне қоныстанған қаркын тайпалары да біртін келе жергілікті халықпен араласып тайпаның негізгі атын жоғалта бастайды, тек алдыңғы Азия (Ауғаныстан) жерінде ғана олар өздерінің тайпалық құрамдас бөлігін сақтап қалды [14, 17 б.]. Языр-яраз тайпасы XVII ғ. деректерінде қардашлы деген атпен белгілі, оғыз бірлестігіндегі үлкен тайпаның бірі, XII ғ. оңтүстік Түркіменстан жеріне қоныс аударған. Языр тайпасы

XIII-XIX ғғ. оңтүстік және солтүстік Түркіменстан жерінде этномәдени процестеріне қатысып, уақыт келе жергілікті халықпен етене араласып отырықшылыққа бет бұрған. Түркіменстан жерінде қардашлы атымен белгілі, Абылғазының деректерінде қардашлы языр тайпасының бір тармағы екендігі келтірілген. Языр тайпасы кейінгі деректерде ала-элин тайпа бірлестігінің құрамында айтылады [15, 91 б.]. Оң қанат құрамына кірген Дюкер, Дудурга, Баярлы, Бекделі тайпалары туралы мағлұматтар мүлде жоқ десе де болады. Түркі зерттеушісі Ф.Демирташ османдардың XVI-XVII ғғ. жазылған мұрағат құжаттарынан кейбір түрік тайпаларының атауларын кездестірген. Олардың ішінде Дудурга және Дюкер (Дегер) тайпасы да аталады, басқа деректерде бұл тайпалар туралы мәліметтер жоқ. Екі тайпаның сандық құрамы жағынан аз болуы мүмкін, селжук тайпасының құрамында Кіші Азия жеріне қарай жаппай ойысқандықтан, Түркіменстан жерінде мекендеген тайпа құрамында кездеспейді сондықтан. Бекделі тайпасы Қашқаридың, Рашид-ад-диннің жазбаларында оғыз тайпа бірлестігінде аталғанмен, олардың тарихы туралы деректер кездеспейді. Баярлы тайпасы Қашқари жазбасында мүлдем аталмайды, жалпы Қашқари жазбаларында оғыз тайпа бірлестігі 22 тайпадан құралғандағын, ал 2 тайпа атын халадж I-II деп берілген. Рашид-ад-дин жазбаларында халадж оғыз қағанатына қосылған тайпа ретінде көрсетілген, және халадж атауының шығуына түсінік берген. Ибн Хордадбектің жазбасында тоғыз-оғыз түрік мемлекетінің ішіндегі ең үлкені екендігін атап өтіп, олармен көршілес тайпалар туралы атай отырып халадж тайпасы қарлұқтармен көршілес екендігін көрсеткен [16, 65 б.]. «Тараздан Төменгі Барысханға дейін 3 фарсах, одан Касрибасқа дейін 2 фарсах. Бұл жердің қысы жылы және қарлұқтардың қысқы тұрағы, оларған жақын халадж тайпасының қысқы тұрағы орналасқан.» [17, 74 б.]. Төменгі Барсхан ескі Тараз қаласынан 10 км қашықтықта Талас теміржол бекетінің маңындағы Төрткүл ескерткішінің орны, Касрибас қазіргі Тараз қаласының шығысында 40 км қашықтықта орналасқан Ақыртас ескерткішінің орны. Хордадбек деректерінде осы Ақыртас маңы қарлұқ тайпаларының қысқы тұрағы, ал халадж тайпалары оларған жақын орналасқанмен, Қырғыз Алатауының нақты қай бөктерінде орналасқандығы көрсетілмеген. Осы деректер арқылы халадж тайпасы Талас өлкесінің шығыс бөлігінде Қырғыз Алатауының бөктерінен бастап, Шу алабына дейінгі жерлерді мекендеген. Оғыз тайпалары қарлұқтардан қысым көріп Шу алабына қарай ығысқанда олардың тайпа бірлестігіне алғашқы қосылған тайпалардың бірі осы халадж тайпасы болған. Оғыз қағанатының құрамында олар Орта Азия жерін жаулап алу соғыстарына қатысқан. Халадж тайпалары оғыздардың жаугершілік соғыстары кезінде Ауғанстан жеріне тұрақтап, біртін келе ауған халқымен етене араласып кеткен. Оғыз қағанатының оң қанат құрамына кірген Ескі Гузия жерін мекендеген 12 тайпаның барлығы оғыз тайпасы емес, С.П.Толстов өз зерттеуінде қағанаттың негізін құраған 24 тайпаның 6 оғыз тайпасына еместігін, тіпті 5 тайпа түркітілдес тайпаға жатпайтындығын көрсеткен. М.Қашқаридың, Рашид-ад-диннің жазбаларын сараласақ көптеген тайпалар оғыз қағанатына қосылған тайпалар екендігін білеміз. Мысалыға печенек (бечене) тайпасы оғыздар Сыр бойындағы жерлерді жаулап алу соғыстары кезіндегі ең басты қарсылас болған. Оғыздардан жеңіліс тапқан печенектердің бір бөлігі Сырдарияның төменгі ағысындағы жерлерге қарай ығысқан, бір бөлігі оғыздарға бағынышты болып, біртін келе қағанат құрамындағы белді тайпаның біріне айналған. Оң қанат құрамында аталатын қай, халадж тайпалары оғыз тайпа бірлестігіне қосылған түркі тілдес тайпалар, және оғыз қағанатын құруға ат салысқан. Оғыздардың жаугершілік соғыстары барысында көптеген кішігірім түркітілдес тайпалар қағанат құрамына кіріп оғыз тайпасының

құрамдас бөлігіне айналған. Жоғарыда көрсетілген оң қанат құрамындағы тайпалардың тарихы әлі де зерттелуді қажет ететін тұстары көп. Келешекте ол тайпалар туралы құнды мәліметтер ізденудің нәтижесінде табылады деп тұжырымдауға болады.

Әдебиеттер:

1. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк./ Казахстанские Востоковедные исследования. - Алматы, «Дайк-Пресс», 2005. -93 с.
2. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории Средневекового Казахстана. -Алма-Ата «Наука», 1989. - 110 с.
3. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк./ Казахстанские Востоковедные исследования. -Алматы, «Дайк-Пресс», 2005. -69-70 сс.
4. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории Средневекового Казахстана. Алма-Ата «Наука» Казахской ССР. 1989. -125 с.
5. Агаджанов С. Г. Государство Сельджукидов и Средняя Азия в XI—XII вв. — М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1991.—303 с.

УДК 81-11

КОММУНИКАТИВНО-ПРАГМАТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ЛИНГВИСТИКИ

Кадеева М.И., Стычева О.А.
ЮКГПУ, Шымкент, Казахстан

Түйін

Уақыт талабына сай Қазақстанның жаңа білім беру бағдарламасы ЖОО-дағы болашақ мамандардың кәсіби коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін қайта қарауды талап етеді. Мақалада студент-филологтардың функционалды-коммуникативті қабілетін арттырудың және коммуникативті білімін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері қарастырылған.

Summary

Kazakhstan's education of a new format requires revision of the process of formation of professional communicative competence of future specialists in the University in accordance with the requirements of the time. The article reveals the content of the functional-communicative aspect of training of students-philologists and methods of the organization of their communicative knowledge.

К началу XXI века многие из феноменов научной парадигмы «человек – язык», которые рассматривались на периферии лингвистической теории или вообще за ее пределами, оказываются в центре исследовательского внимания языковедов. На передний план в системе современного научного знания все более отчетливо выдвигается тенденция к осознанию речевого профессионализма как некой доминанты, необходимой при решении задач в любой сфере деятельности. В условиях эффективного использования образовательных ресурсов вуза «повышенная речевая ответственность» представителей многих «лингвоинтенсивных» специальностей требует нового подхода к организации коммуникативной подготовки будущих специалистов, умеющих успешно реализовывать свои знания в профессионально точной речевой форме. Опыт ряда зарубежных университетов (Московский лингвистический университет, Алтайский государственный университет, Новосибирский государственный университет, Уральский государственный университет) по разработке новых курсов общелингвистической направленности показывает, что модернизация филологического образования на

современном этапе ориентирована на профессиональную профилизацию, усиление профессиональной направленности обучения [1].

Филология сегодня характеризуется расширением проблематики изысканий, развитием междисциплинарных, пограничных и прикладных исследований. Современные аспекты развития фундаментальных и прикладных наук, осуществляемые в лингвистических и литературоведческих направлениях, находят применение в различных отраслях гуманитарной науки в целом. Следовательно, в целях совершенствования филологического образования стало необходимым изучение вопросов филологии в системе их практического освоения, рассмотрения в новых аспектах гуманитарных наук. Это предполагает активный поиск конкретных механизмов и способов их совместности в соответствии с мировыми тенденциями развития и сохранением национальных приоритетов.

Филологическая компетентность включает знания, умения, навыки, опыт и практическую деятельность, которые формируются в ходе интегрированного изучения общепрофессиональных и специальных дисциплин. К сущностным характеристикам профессионализма представителей педагогической профессии филолога следует отнести гностические, коммуникативные, управленческие и проективные группы умений. Познавательная деятельность филолога специфична и во многом определяется сложностью, динамикой, нестандартностью предметов рассмотрения, воздействия, поиска, принципиальной нечеткостью границ, разделяющих социальные, психологические и лингвистические сведения. Все это предполагает высокий профессионализм преподавателя, осуществляющего подготовку специалистов-филологов в условиях современного педагогического вуза.

Помещая данную статью в юбилейном сборнике, посвященном ведущему специалисту-казаховеду Южно-Казахстанского государственного педагогического университета Базаркуль Калтаевне Омар, авторы обращают внимание читателей на тот факт, что перечисленные выше требования к квалификационной характеристике в полной мере присущи этому преподавателю и ученому, наставнику молодых, человеку высокой жизненной активности и примеру для подражания. Феномен педагогической и научной деятельности к.ф.н., доцента Б.К. Омар кроется как в глубоких знаниях самого предмета преподавания, так и в понимании эвристики трансформации этих знаний в учебную аудиторию. Он проявляется в высоком уровне научности опубликованных ею работ, посвященных лингвистическим и дидактическим проблемам реализации требований образовательных программ филологических специальностей. Современное видение преподавателем проблем языковой подготовки специалистов с высшим образованием находит отражение в отборе содержательного и учебно-методического обеспечения занятий.

Поскольку конечный результат обучения в школе связан с понятием *коммуникации*, учебно-методическая работа преподавателя Б.К. Омар строится по следующим основным направлениям:

– усвоение студентами грамматической теории, овладение системой лингвистических знаний о морфологической системе современного казахского языка, ее устройстве, единицах, развитии и функционировании (формирование *языковой компетенции*);

– формирование способности к анализу и оценке грамматических фактов; умение пользоваться лингвистическими словарями, справочниками, в т.ч. работать с электронными ресурсами для решения лингвистических задач (совершенствование *лингвистической компетенции*);